



БЕКІТЕМІН

№47 «Нұр – Ай» балабақшасы

Сәтеш **Т.А.Сатыбалдиева**

Тақырыбы: Эстафеталық ойын «Көңілді достар»

(Кеңес пункті ата – аналарымен жұмыс)

Қараша айы

Өткізген: психолог А.Қ.Өтесінова

Ақтөбе қаласы 2025-2026 оқу жылы

Эстафеталық ойын: “Көңілді достар”

(Кеңес беру пунктіндегі ата-аналар мен балаларға арналған мазмұнды жоспар)

1. Мақсаты:

- Ата-ана мен бала арасындағы эмоциялық байланыс пен бірлескен әрекетті күшейту.
- Ортақ ойындар арқылы ата-аналарды баламен бірге қимыл-қозғалыс белсенділігін арттыруға тарту.
- Балаларға сенімділік, достық, ұйымшылдық сезімдерін қалыптастыру.

2. Міндеттері:

- Ата-аналарды бала тәрбиесінде белсенді қатысуға ынталандыру.
- Қозғалыс дағдыларын дамыту (жүгіру, секіру, еңбектеу, тепе-теңдік сақтау).
- Бір-бірін қолдау, көмек көрсету дағдыларын қалыптастыру.

3. Қатысушылар:

- Кеңес беру пунктіне келген ата-аналар және олардың балалары
- 2 командаға бөлінеді:
- «Көңілді отбасы»
- «Достық отбасы»

4. Қажетті құралдар:

- Конустар
- Обручтар
- Доптар
- Жалаушалар
- Маркерлер (белгі қоюға)
- Музыка

5. Өткізу барысы

I. Кіріспе бөлім (2–3 мин)

Жүргізуші:

- Барлық ата-ана мен баланы қарсы алады.
- Іс-шараның мақсаты мен маңызын түсіндіреді:

“Бүгін біз балалармен ғана емес, ата-аналармен бірге көңілді, достыққа толы эстафеталық ойын ойнаймыз!”

- Командаларға бөлінеді.
- Қауіпсіздік ережелері айтылады.

II. Негізгі бөлім (эстафеталар)

1-эстафета: “Отбасы жүгірісі”

- Ата-ана мен бала қол ұстасып белгіге дейін жүгіріп барып қайта қайтады.
- Бірінші болып барлық жұптарын жүргізген команда – жеңімпаз.

2-эстафета: “Допты бірге алып өт”

- Ата-ана мен бала бір допты екі арасына қысып (қолмен ұстамай), белгіге дейін барып, қайтады.

- Доп түссе – басынан қайта бастайды.

3-эстафета: “Обручтан бірге өту”

- Ата-ана мен бала бір обручтың ішіне кіріп, қол ұстасып белгіге дейін жүріп өтеді.

- Кері қайтқанда обручты келесі қатысушыға береді.

4-эстафета: “Баланды құтқар!” (көңілді формат)

- Ата-ана белгіге дейін жүгіріп барады, жерде отырған баласын “құтқарып”, қолынан ұстап бірге оралады.

- Келесі екеуі жалғастырады.

5-эстафета: “Отбасылық тоннель”

- Барлық ата-аналар аяқтарын ашып тізіліп тұрады.

- Балалар бір-бірлеп тоннельден еңбектеп өтеді.

- Барлық балалар өткен соң орын ауыстырып, енді балалар тоннель жасап, ата-аналар өтеді.

6-эстафета: “Жалаушаны жеткіз”

- Ата-ана жалаушаны алып жүгіріп барады, белгіге жеткенде баласына береді.

- Бала жалаушаны алып кері жүгіріп келеді.

III. Қорытынды бөлім

- Командаларды мадақтау:

“Бүгін ата-аналар мен балалар – нағыз Көңілді достар болды!”

- Барлық қатысушыларға мадақтама, смайлик немесе шағын сыйлықтар.

- Жеңіл босаңсыту жаттығулары.

